

Психолог кеңестері: Мектепке дейінгі орта жастағы баланың зейіні

4 жаста балалар іс-әрекетінің күрделенуіне және баланың жалпы ақыл-ой дамуының ілгерілеуіне байланысты зейін жақсы шоғырланып, тұрақтылыққа ие болады. 4 жасқа жеткенде ойынның ұзақтығы 1 сағатқа дейін созылады. Мұны ойында адамдардың күрделірек іс-әрекеттері мен қарым-қатынастарының бейнеленуімен және ойынға үнемі енгізілетін жаңа ахуалдардың қолдау табуымен түсіндіруге болады. Балалар суреттерді көргенде, әңгіме, ертегі тыңдағанда зейін тұрақтылығы арта түседі. Мысалы, 4 жаста суретті көру ұзақтығы екі есе артады, 4 жасар бала суретті жақсырақ түсінеді, ол өзіне суреттің қызықты жақтары мен егжей-тегжейлерін бөліп алады. Мектепке дейінгі орта кезеңде зейіннің негізгі өзгеруі баланың алғаш рет өз зейінін меңгере білуінде, оны саналы түрде белгілі заттарға құбылыстарға бағыттай білуінде және кейбір тәсілдерді пайдалана отырып, соларға зейін қоя білуінде. 4 жаста бала зейінін дамыту үшін сөзді қолданудың ықпалы ерекше. Баланың мінез-құлқын реттеуде сөзді қолданудың ықпалына байланысты мектепке дейінгі шақта ықтиярлық зейін қалыптасады. Балаларға өздері үшін тартымы іс-әрекетке зейін қою қиынға түседі, сонымен бірге ойын процесінде немесе әсерлі сезімге бөлерліктей тапсырмаларды шешерде олар едәуір ұзақ уақыт бойы ықыласты болып жүреді. Сабақтарда пайдаланылатын ойын элементтері, іс-әрекеттің нәтижелі түрлері, іс-әрекет формаларын жиі өзгерту балалардың зейінін айтарлықтай жақсы деңгейде ұстауға мүмкіндік береді. Зейін тікелей қызығушылықпен байланысты, өйткені қызықты іске бала көңілі тез ауады. 4 жастағы балаға зейінін тәрбиелеуде көмектесу қажет. Үлкендер сөз нұсқаулары арқылы баланың зейінін ұйымдастыра алады. Оларға біркелкі жалықтыратын және тартымдылығы аз іс-әрекетпен айналысу өте қиын. Зейіннің бұл ерекшелігі сабақтарда ойын элементтерін енгізуге және іс-әрекет түрлерін жеткілікті ауыстырып отыруға негізгі себеп болып табылады. 4 жастағы баланың зейін қоюы оның қызығумен де тығыз байланысты. Қызыққан нәрсеге бала бар ықыласымен зейін қояды. Бірақ қызықтырған

барлық нәрсе зейінді тәрбиелей бермейді. Сондықтан қызыққанға ғана зейін қоюға баланы әуестендірмеу керек, керісінші қызықтырмайтын жұмысқа қайрат-күш жұмсап, зейін қоя білуге тәрбиелеген мақұл. Зейінді күшті және тұрақты ететін күш - ерік. Зейіннің кейбір қасиеттері ерікпен бірге дамиды. 4 жастағы баланың еркі ырықсыз болғандықтан оның зейіні де бұл шақта әлі де болса тұрақсыз болады.

Психологиялық кеңес

4 жаста баланың зейінін шоғырландыруда оны қызықтыратын тапсырманы түрлендіріп отыру маңызды, сонда ғана балада тапсырманы орындауға деген қызығушылық пайда болады. Қызықпаған нәрсеге бала ұзақ зейінін шоғырландыра алмайды.